

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКА БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ



«Бекітемін»

Абай атындағы ҚазҰПУ

Басқарма Төрағасы - ректор

Д.Билялов



« 23 »

2021 ж.

Өнер бағытындағы М036- Хореография білім беру  
бағдарламалары тобының бейіні бойынша арнайы  
(шығармашылық) емтихан (7М02109-Хореография)

Магистратура

БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2021

**Құрастырушы:**

П.ғ.к., қауым.профессор Ибраева К.Е.,  
Аға оқытушы Кульсеитова А.М.

Абай атындағы ҚазҰПУ Өнер, мәдениет және спорт институты оқу-әдістемелік секциясында талқыланды. «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2021 ж., хаттама № \_\_\_

Бағдарлама Абай атындағы ҚазҰПУ Өнер, мәдениет және спорт институтының кеңесімен бекітілді.

Хаттама № «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2021 ж.

Директор \_\_\_\_\_ Т. Қожағұлов

Абай атындағы ҚазҰПУ Өнер, мәдениет және спорт институты  
Өнер бағытындағы М036- Хореография білім беру бағдарламалары  
тобына магистратураға түсушілер үшін 7М02109-Хореография білім  
беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша арнайы  
(шығармашылық) емтиханды өткізу

## ЕРЕЖЕСІ

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17650 болып тіркелген, «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығы негізінде әзірленді. Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 14.06.2019 № 269

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау тәртібі дербес анықталады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) магистранттарын, докторанттарын қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейінді бағыттар бойынша кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың тәртібі

Магистратураға оның ішінде мақсатты даярлау бойынша білім беру ұйымдарының, ЖЖОКБҰ тұлғаларды қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі-КТ) немесе түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

ЖЖОКБҰ немесе ғылыми ұйымдарға шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау ЖЖОКБҰ немесе ғылыми ұйымдардың қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесудің нәтижесі бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл ретте, шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбесіне сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күнге дейін жүргізіледі..

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар:

1) шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тесттен тұратын КТ;

2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Білім беру бағдарламалар тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандар осы Үлгілік қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өткізіледі.

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға түсуші тұлғалар ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі тесттен тұратын КТ тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандар жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау жүргізетін ЖЖОКБҰ-мен дербес өткізіледі. Бұл ретте түсушілер шығармашылық емтиханды жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша оқуға түсетін ЖЖОКБҰ-да тапсырады.

Магистратураға шығармашылық емтиханды өткізу кезеңінде ЖЖОКБҰ-да шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша емтихан комиссиясы құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

Емтихан комиссияларының құрамы тиісті бейінге сәйкес ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар ЖЖОКБҰ профессор-оқытушылық құрамының қатарынан қалыптастырылады және ЖЖОКБҰ басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

Шығармашылық емтихандарын өткізу бағдарламалары ЖЖОКБҰ-мен әзірленеді және ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясының төрағасымен бекітіледі.

Шығармашылық емтихандарың кестесі (емтихан өткізу нысаны, күні, уақыты мен өткізу орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасымен бекітіледі және түсушілердің назарына құжат қабылдау уақытынан кешіктірілмей жеткізіледі.

Шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудиожазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

Шығармашылық емтихан өткізу қорытындысының баға ведомосы еркін түрде комиссия хаттамасымен рәсімделеді және нәтижелерді хабарлау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төрағаның және барлық қатысқан комиссия мүшелерінің қолы қойылады.

ЖЖОКБҰ меншік нысанына қарамастан, күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға еркін нысанда шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ шығармашылық емтихан қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

Шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша түсушіге шығармашылық емтиханды тапсыру орнына қарамастан, ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде түсу үшін ведомостан үзінді беріледі.

**Өнер бағытындағы М036- Хореография білім беру  
бағдарламалары тобының бейіні бойынша арнайы  
(шығармашылық) емтихан (7М02109-Хореография)  
Магистратура**

**БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Магистратураға түсу емтихандарына қойылатын талаптар:**

- Хореография мамандығы бойынша өнер бакалаврының академиялық дәрежесі (жоғары білім деңгейіне сәйкес мемлекеттік үлгідегі құжат).
  - Хореографиялық өнер саласындағы кәсіби білім (хореографиялық өнер тарихы, театр өнері тарихы, әлемдік, орыс, қазақ әдебиеті, хореографиялық режиссура саласында шығармашылық қабілеттерге ие болу).
  - Шығармашылық әлеует.
  - Хореографиялық өнердің ғылыми-зерттеу жұмыстары, инновациялық әдістері мен даму үрдістері туралы түсінік.
  - Әлемдік және отандық театр, музыка және хореографиялық өнер саласында құзыретті болу.
  - Жалпы және хореографиялық педагогика, өнер психологиясы, хореографиялық өнердің шығармашылық психологиясы бойынша теориялық білім және практикалық дағдылар, оқытушылық қызметте білім мен іскерлікті меңгеру – хореографиялық пәндерді оқыту әдістемесі.
  - Талапкер магистратураның таңдаған бейіндік бағытына сәйкес материалдарды іріктеумен кәсіби портфолио ұсынуы тиіс.
- Қосымша ескеру және көтермелеу:
- Хореографиялық өнер бойынша ғылыми және әдістемелік журналдарда ғылыми конференциялардың, конкурстардың, олимпиадалардың дипломдары мен марапаттарының болуы.
  - Жас маманның шығармашылық, ғылыми-зерттеу, қойылым және педагогикалық қызметке қабілетін бағалай отырып, арнайы кафедраның ұсынымдарының болуы.

**Мамандық бойынша түсу емтихандарына қойылатын талаптар**

Мамандық бойынша емтихан екі кезеңде өткізіледі:

I-ші шығармашылық емтихан – таңдау биі бойынша сипаты жағынан қарама-қарсы 2 шығармашылық жобадан тұрады.

II-шығармашылық емтихан-реферат.

## **1 шығармашылық емтихан**

Хореографиялық дайындық

Таңдау би сипаты бойынша қарама-қарсы 2 шығармашылық жобаларды құрастырудың жоғары деңгейі:

- драматургияның барлық заңдары бойынша жоғары деңгейде композиция жасай білу: құрылған режиссура, сюжеттік желі, бидің хореографиялық лексикасы, таңдалған музыкалық материал, костюмдер идеясы, бейнесі, эскиздері және орындалған жұмыстың сауатты сипаттамасы.

Күрделенген екі би: классикалық, халықтық, бал, қазақ (таңдау бойынша):

- күрделі трюкті, айналмалы және күрделі композициялы би элементтерін жоғары кәсіби деңгейде орындай білу;

- хореографиялық өнердің теориясынан, тарихынан және практикасынан білімдерін, іскерліктерін анықтау.

I-ші шығармашылық емтиханда талапкер:

- хореографиялық пәндерді оқыту теориясы мен әдістемесі саласындағы білімін;

- әлемдік және отандық хореографиялық өнер мен білімнің даму үрдістерін;

- хореографиялық шығармалардың орындаушылық интерпретациясының түрлі тәсілдері мен формаларын көрсету;

- жалпы мәдени ой-өрісін және кәсіби құзыреттілігін көрсете білуі керек.

## **2 шығармашылық емтихан**

Рефератты қорғау

Рефератты қорғау анықтайды:

- талапкердің зерттеу қабілеттерінің болуын;

- хореографиялық және педагогикалық білім саласында базалық білімді меңгеруін;

- театр, музыка, бейнелеу өнері саласындағы білімін;

- Философия, жалпы педагогика негіздері, Жалпы және шығармашылық психология саласындағы білімін.

Рефератты қорғау кезінде талапкер өзінің ұстанымын дәлелді түрде қорғау, өзінің ғылыми-зерттеу және талдау қызметіне қабілетін көрсетуі тиіс.

Емтихан ұсынылған рефераттың тақырыбы бойынша әңгімелесу түрінде өткізіледі. Реферат көлемі – 25-30 беттен кем емес.

Реферат тақырыптары хореографиялық педагогиканың әртүрлі сұрақтары, хореография тарихы, хореографиялық пәндерді оқытудың теориясы мен әдістемесі, заманауи кезеңдегі хореографиялық өнердің инновациялық әдістері мен даму үрдістері бойынша болуы мүмкін.

Комиссия Болашақ магистрлік диссертацияның негізін құрайтын рефераттың қаралып отырған тақырыбының өзектілігі мен жаңалығына баса назар аударатын болады.

Реферат қабылдау комиссиясына басқа қажетті құжаттармен бірге екі данада ұсынылады.

Талапкер ұсынған рефератқа рецензенттің жұмыс орнынан қолы мен мөрі бар хореографиялық өнер саласында ғылыми дәрежесі бар адамның рецензиясы қоса берілуі тиіс.

Өнер, мәдениет және спорт институты,  
білім беру бағдарламаларының  
жетекшісі

З.Ж.Рабилова

Өнер, мәдениет және спорт институты  
директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

Е.Оспанқұлов